

# **“Идеологиялық вирусты түп-тамырымен жою”**

Шыңжаң мұсылмандарына қарсы Қытайдың  
репрессиялық науқаны

## Қорытынды

«Үйретудің жалғыз мақсаты бар: заңнамалар мен ережелерді үйрету, санадан діни экстремизм мен лаңкестік жайлы ойды жою және идеологиялық аурудан ада болдыру. Үйрету ойымыздан шықпаса, оқушы айтарлықтай нәтижеге жеткенге дейін біз (оған) тегін білім беруді жалғастыра береміз».

Қытайдың Коммунистік жастар лигасы Шыңжаңдағы бөлімінің баяндамасынан. 2017 ж. наурыз

«[О]лардың қалағаны, бізді күшпен ассимиляциялау, яғни, мемлекетпен үйлесімді болу арқасында болашақта Ұйғыр деген идеяны еш мәні жоқ, тек атау ретінде ғана қалдыру».

Тохти, Шыңжаңнан 2017 жылы кеткен. 2018 ж. наурыз.

Қытай үкіметі Қытайдың солтүстік батысындағы Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданында (ШҰАА) өмір сүріп жатқан түркі мұсылмандарына қарсы ұзақ уақыт бойы жазалау мен қудалау саясатын жүргізіп келеді. 2016 жылдың соңында Тибет автономиялық ауданының коммунистік партия хатшысы Чэнь Цюаньго Шыңжаң партия комитетінің хатшысына тағайындалғаннан кейін бұл мәселе тіптен ушығып кетті.

Бұл баяндама Қытай үкіметінің Шыңжаңдағы түркі мұсылмандарын себепсіз қамауға алып, азаптап, оларға көрсетілген қысым мен олардың күнделікті өмірін жүйелі түрде, тұтас бақылауда ұстап отырғандығы жайлы жаңа, тың деректер ұсынады. Бұл азаптаулар *сөз еркіндігі, діни сенім, ар-ұждан бостандығы* жөніндегі және зорлық-зомбылық пен әділсот сияқты адамның ажырамас құқықтарын өрескел бұзады.

Бұл баяндама Шыңжаңның бұрынғы 58 тұрғыны, оның ішінде бұрын қамауда болған 5 адам және қамауда болған адамдардың 38 туысқандарымен өткізілген сұхбат негізінде дайындалған. Сұхбатқа Шыңжаңның барлық 14 префектурасынан келген адамдар қатысып, олардың 19-ы 2017 жылғы қаңтар айынан бастап Шыңжаңнан басқа жаққа көшіп кетті.

2014 жылғы мамыр айында Қытай «Озбырлық лаңкестікке қарсы күресті күшейту науқанын» (严厉打击暴力恐怖活动专项行动) Шыңжаңда бастады. Содан бері, «Қытай құқық қорғаушылары» үкіметтік емес ұйымы ұсынған мәліметтер мен деректер бойынша, ресми түрде тұтқындалған адамдардың саны алғашқы бес жылмен салыстырғанда үш есе өсті. Қытай үкіметі адамдарды ресми мекеме болып есептелетін алдын-ала қамау орталықтары (看守所) мен түрмелерде (监狱) қамауда және Қытай заңнамасы бойынша негізсіз болып саналатын саяси үйрету

лагеріне тұтқындауда. Қамауда отырғандарға қатысты сот процесі жүргізілмейді және олар жазықсыз жазаланып, азаптауды бастан кешіріп жатыр.

Қазіргі кезде халықаралық бұқаралық ақпарат құралдарының назары Шыңжаңдағы саяси үйрету лагерлеріне ауып отыр. Қытай үкіметі бұл лагерьде қамалған адам саны жайлы нақты дерек бермегенімен, сенімді дереккөздерге сүйенсек, ондағы тұтқындардың саны шамамен 1 миллионға жетіп қалды<sup>1</sup>. Бұл құпия мекемелерде қамалғандар күндер, айлар, тіптен жылдар бойы мәжбүрлі түрде саяси үйретуден өтіп жатыр.

Биліктің пікірінше, оңтүстік Шыңжаңың Хотан мен Қашғарында тұратын әрбір ұйғыр үкіметке қарсы іспен айналысуда, осының салдарынан олардың отбасы мүшелерінің жартысы, тіптен, жартысынан көбі саяси үйрету лагерінде, алдын-ала қамау орталықтарында және түрмелерде қамалуда. Айталық, сұхбатқа қатысқан бір әйелдің айтуынша, 2017 жылдан бері оның күйеуі, 4 ағасы, 12 бауыры, яғни, отбасындағы барлық еркек ағайынды саяси үйрету лагеріне қамалды.

Осындай саяси сауат ашу лагерлерінде адамдардың өліп жатқандығы, физикалық және психологиялық қысымға ұшырап жатқандығы, лагерлердегі жағдайдың нашар болғандығы, адамның көптігі мен адамдарды белгісіз мерзімге қамалғандығынан, олардың күйзеліске ұшырап жатқандығы жайлы деректер бар. Мұнда негізгі медициналық көмек көрсетілгенімен, ауыр дертке шалдыққан немесе кәрі адамдар да қамауда отыр. Тіптен, мұнда кәмелетке толмаған балалар да, аяғы ауыр және емшекте баласы бар әйелдер де, мүгедектер де бар. Қамаудан шыққандар өз-өзіне қол жұмсау мен бағынбағаны үшін оларға қатаң, жан түршігерлік жазаның пайдаланғандығын айтып отыр.

Қытайдың лауазымды тұлғалары мұндай жағдайдың болғанын жоққа шығарумен қатар, бұл лагерлерді «теріс қылықпен айналысқан қылмыскерлерге» арналған «кәсіби білім беру және кәсіпке дайындау орталықтары» ретінде сипаттайды. Алайда, олар БҰҰ, құқық қорғау ұйымдары немесе бұқаралық ақпарат құралдарының тәуелсіз мониторинг жасауына еш рұқсат бермей отыр.

Соңғы жылдары Қытай үкіметі Шыңжаңды әлеуметтік бақылауға алу мақсатында шексіз қаржы, адам және техникалық ресурстар бөлді. Билік он мыңдаған қосымша қауіпсіздік қызметкерлерін жұмысқа алып, көптеген «ыңғайлы» полиция бөлімшелері мен тексеру бекеттерін салуда. Олар адамдардың саяси көзқарасы дұрыстығының көрсеткіші ретінде отбасылардың қарым-қатынастары мен әлеуметтік жүйелерін де жіті бақылауға алды. Үкімет қызметкерлері олардың жеке

---

<sup>1</sup> Адриан Зенц, “Қытайдың Шыңжаңдағы саяси қайта үйрету науқанына қатысты жаңа деректер” Қытай жайлы қысқаша шолу, 18-том, 10-басылым, 2018 ж. 15 мамыр, <https://jamestown.org/program/evidence-for-chinas-political-re-education-campaign-in-xinjiang/> және Қытай адам құқығын қорғаушылары мен Тең құқық бастамасы, “Қытай: Ұйғырлар мен басқа да этникалық топтардың сан мыңдаған адамы мәжбүрлі түрде қайта үйрету бағдарламаларына мәжбүрлеп енгізілді”, 2018 ж. 3 тамыз, <https://www.nchrd.org/2018/08/china-massive-numbers-of-uyghurs-other-ethnic-minorities-forced-into-re-education-programs/> (2018 ж. 24 тамызда жарық көрді).

мінез-құлқы мен сеніміне ғана байланысты емес, сонымен қатар, отбасы мүшелерінің сенімі мен көзқарастарына қатысты да тұтқындап, қатаң бақылауға алуда, оның үстіне осындай ұжымдық жазалау формасы адам құқығы аясындағы халықаралық заңға қайшы келеді.

Бұлардың ішіндегі ең жаңашыл және көңілге қорқыныш ұялататын қудалау-жазалау әрекеті ретінде үкіметтің жоғары технологиялық жаппай бақылау камераларын қолданып отырғанын айтып кетуге болады. Шыңжаң билігінің адамдардың дауыс үлгілері және ДНҚ сияқты биометрикалық мәліметтерді жинастырып, жасанды интеллект пен үлкен көлемді дерекқорларды пайдалануы Шыңжаңдағы әрбір адамды анықтап, олардың бет-бейнесін жасап, басқан іздерін біліп отыруға көмектеседі. Билік басындағылар бұл жүйелерді Шыңжаңдағы коммунистік партияның режиміне қауіп төндіретін теріс мінез-құлық көрсеткен адамдарды іріктеуге көмектесетін «сүзгі» рөлін атқарады деп есептейді. Бұл жүйелер сонымен қатар, биліктің қатаң қадағалау арқылы, адамдардың «сенімділік» деңгейіне байланысты оларға түрлі шектеу қоюына да мүмкіндік беріп отыр.

Биліктегілер өздерінің әрекеттерін Шыңжаңда тұрақтылық пен қауіпсіздік орнату және террорист пен экстремист деп есептелетіндерге қарсы «тиянақты» және «терең» күрес жүргізу деп түсіндіреді. Шыңжаңдық билік өкілдері бұл мәселенің түп тамыры түркі мұсылмандарының «мәселеге толы идеялары» деп есептейді. Билік бұл идеяларға діни экстремизм догмасы ретінде сипатталатынның барлығын және ханьдық қытайдың ұлттық бірегейлігіне жатпайтын ислам, түркі, ұйғыр немесе қазақ ұлттық идеяларын жатқызады. Олар мұндай сенімдерді «түзету» керек немесе «түп тамырымен жою» қажет деп санайды.

Соңғы бес жылда ұйғыр деп есептелетін қылмыскерлердің Шыңжаң мен Қытайдың басқа жерлерінде ұйымдастырған зорлық-зомбылық әрекеттері мен ұйғыр жауынгерлерінің шетелдегі экстремистік қарулы топтарға қосылғаны жайлы жиі айтылып жүр. Осыған байланысты, үкімет басқа этникалық саны аз топтармен салыстырғанда ұйғырларға көбірек шектеулер қойып отыр. Алайда, 2016 жылдың соңына қарай, Шыңжаңның солтүстігінде өмір сүріп жатқан этникалық қазақтар да лаңкестікке қарсы күресу кампаниясының қыспағына көптеп ұшырауда.

Қалай болғанда да, бұл кампанияның Шыңжаңдағы түркі мұсылмандарды ұлттық бірегейлігіне байланысты жазалауды қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты мемлекеттің жауапкершілігі ретінде ақтауға болмайды.

Көп жағдайда, тұтқындау мекемелерінде қамауда отырған және сырт көзге бостандықта жүрген секілді түркі мұсылмандарға деген көзқарас арасында айтарлықтай айырмашылық жоқ: саяси үйрету лагерінде отырғандар мандарин қытай тілін үйреніп, Қытай коммунистік партиясын мадақтайтын әндер айтады және тек түркі мұсылмандарына ғана қатысты қолданылатын ережелерді жаттайды. Ал, лагерьден тыс жердегілер апта сайын, кейде тіпті күн сайын қытайдың туын көтеру салтанаты мен саяси идеялар жөніндегі кездесулерге, анда-санда қытай тілі

сабақтарына қатысуы шарт. Тұтқында отырғандарға олар 1000 қытай иероглифін жаттаған жағдайда немесе Қытайға шын ниетімен берілген азамат екендігін дәлелдеген жағдайда ғана лагерьден кете алатындығы жайлы ескертіледі. Сыртта жүрген түркі мұсылмандарының еркін жүріп-тұруына шектеу қойылған; олар үй қамаққа алынады немесе олар тұрғылықты мекен-жайынан немесе елден басқа жаққа бара алмайды. Лагерьдегілер намаз оқығаны үшін жазалауға ұшыраса, бостандықта жүргендерге қатысты үкіметтің шектеуінің қатыгездігі соншалық, Ислам діні мүлдем заңсыз ұстанымға айналды. Тұтқындағылар қатаң бақылауда болумен қатар, отбасылары мен достарымен хабарласа алмайды. Ал, өз үйлерінде тұрып жатқандар көршілері, ресми өкілдер, жаппай бақылау камералары арқылы қатаң бақылау астында жүр, олардың шетелдегі туған-туысқандарымен хабарласуына рұқсат жоқ.

Шыңжаңның озбырлық лаңкестікке қарсы күресу науқанның шетелге қатысты салдарлары да жеткілікті. Шыңжаң билігі шетелмен байланыста болуды қатаң жазаланатын қылмыс деп санап отыр және «26 қауіпті мемлекетте» таныстары бар адамдар ерекше бақылауға алынады. Бұл тізімдегі елдің қатарында Қазақстан, Түркия, Малайзия және Индонезия кіреді. Бұл елдерде болып келген адамдар немесе олардың отбасылары немесе сондағы адамдармен қандай бір жолмен байланыста болған адамдар тергеліп, қамауға алынады, тіптен сотталып, тұтқындалады. Сұхбатқа қатысушылар бұл тізімге енбеген елдердегі адамдармен байланысқандардың да, WhatsApp сияқты басқа да шетелдік коммуникациялық жүктемелерді қолданғандардың да қамауға алынатыны жайлы айтып берді. Сондай-ақ, соңғы жылдары Қытай үкіметі басқа елдерде тұрып жатқан ұйғырларды мәжбүрлі түрде Қытайға қайтаруын талап етіп, басқа мемлекеттерге қысым көрсетуде.

Human Rights Watch сонымен қатар, озбырлық лаңкестікке қарсы күрес науқаны отбасыларды да бөліп жатқанын, отбасы мүшелерінің кейбіреуі Шыңжаңда, кейбіреуі паспорттық бақылау мен шекарадан өту тәртібінің қатаюына байланысты қосыла алмай тосқауыл жағдайға ұшырағандығын анықтады. Балалар басқа елдерде ата-анасыз күн кешуде. Шыңжаң билігі адамдарды шетелдегі отбасы мүшелерімен байланысқа түскені үшін жазалап жатқандықтан, сұхбатқа қатысушылардың көбі өздерінің туысқандарымен, кішкентай балаларымен айлап-жылдап хабарласа алмай отырғанын жеткізді. Ал кейбірі шетелдегі отбасы мүшелерімен байланысқа шыға қалған күннің өзінде, билік басындағылар олардың туысқандарынан Шыңжаңға қайтып оралуын талап етуін немесе олардың шетелдегі өмірі жайлы нақты ақпарат алуын бұйыратындығы жайлы айтып берді. Нәтижесінде, шетелде өмір сүріп жатқан көптеген қазақтар мен ұйғырлардың өмірі қорқыныш пен алаңдаушылықпен өтіп жатыр. Әсіресе Бейжіңмен тығыз қарым-қатынастағы мемлекеттерде тұратын адамдар басқа елдің шекарасында орналасқандығына немесе Қытай азаматы еместігіне қарамастан, өздерін Қытайдың уысында тұрғандай сезінеді.

\*\*\*

Шыңжаңдағы адам құқығының өрескел бұзылуы 1966-1976 жылдар аралығында орын алған Мәдени революциядан кейін болмаған деңгейде орын алуда. Саяси үйрету лагерлерінің ашылып, кеңінен таралуы және басқа да жазалау тәжірибелерінің кеңінен қолданылып жатуы Бейжіңнің Шыңжаңды өзінің идеясына сай қайта құру науқаны әлі де ұзаққа жалғасатынын көрсетіп отыр.

Қытай өзінің Шыңжаңдағы азаптау науқаны салдарынан ешқандай саяси шығынға ұшырамағаны өте анық. Оның дүниежүзіндегі салмағы көпшілік сынынан алып қалды. Қытайдың БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің тұрақты мүшесі екендігі оның кеңес тарапынан болған санкцияны немесе халықаралық іс-шараларды немесе Қытай мүше болып табылмайтын Халықаралық қылмыстық сот қозғаған қылмыстық істі тойтаратынын білдіреді.

Әйтсе де, құқық бұзғандығы үшін Қытайды жауапкершілікке тарта алмау Біріккен Ұлттар Ұйымы мен мемлекеттерді адам құқығын қорғауға қатысты жауапкершіліктен босатпайды. Олар БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі кеңестің көмегімен бұл мәселеге, соның ішінде, Қытайдың Әмбебап мерзімдік шолуына әлем назарын аударып, Озбырлық лаңкестікке қарсы күрес науқанын тергеп, арнайы орнатылған мандаттың шеңберінде айтылған науқанды тексеру сияқты бірлесіп әрекет етуге ұмтылуы қажет. Егер БҰҰ Шыңжаңдағы шектен тыс қуғын көрсету мәселелерін тексеру механизмін құрмаса, жанашыр мемлекеттер заңсыз қамау мен басқа да заңсыздықтарға қатысты деректерді жинау мақсатында өз механизмдерін құруы керек.

(Бұл - баяндаманың қысқаша қорытындысы мен ұсыныстардың қазақша аудармасы екендігін ескеріңіздер. Толық баяндаманы тек ағылшын тілінде INSERT LINK сайтынан тауып оқи аласыздар).

## Ұсыныстар

### Қытай Халық Республикасының үкіметіне

- Тез арада Шыңжаңдағы саяси үйрету лагерлерін жауып, ондағы қамауда отырған барлық адамды босату;
- Түркі мұсылмандарын бақылап, аңдуға арналған Шыңжаңдағы «Озбырлық лаңкестікке қарсы күрес науқаны», “*fanghuiju*” командаларын қоса, «Бір отбасы болу» сияқты басқа да мәжбүрлеу бағдарламаларын тоқтату;
- Сөз бостандығы, бейбіт жиналу еркіндігі, дін және мәдениет бостандығы құқығын сыйлау арқылы, түркі мұсылмандарының бейбіт іс-әрекетпен айналысуына және қажет болған жағдайда алаңдаушылығын білдіріп, сын айтуына мүмкіндік беру;
- Партия хатшысы Чэнь Цюаньго және Озбырлық лаңкестікке қарсы күрес кампаниясын іске асыруға қатысы бар деп айыпталатын басқа да жоғары лауазымды тұлғалардың істеген зорлық-зомбылық әрекеттері үшін әділ тергеу өткізіп, зорлық-зомбылыққа жауапты адамдарды жауапкершілікке тарту;
- Мемлекеттік қауіпсіздік, терроризм және экстремизмге қатысы заңды бұзды деп айып тағылып, қамауға алынған және тұтқындалған барлық адамдардың ісін қайта қарап, жалған айыптардан ақтау және сотталушыларға қатысты сот процесі халықаралық стандарттарға сай жүргізілмеген жағдайда істі заңды түрде қайта қарау;
- Адамдардың жеке бас құпиясын сақтайтын ұлттық бірегей заң қабылданғанға дейін Шыңжаңда биометрикалық мәліметтерді жинап, пайдалануды тоқтату және қазіргі саясатқа сай жиналып алынған биометрикалық деректер мен соған қатысты мәліметтерді жою;
- Заңға сай келмеген жағдайда және заң жүзінде үкіметтің мақсатына қаншалықты оның қажет екендігі дәлелденбеген жағдайда биометрикалық деректерді жинаудан бас тарту;
- Үлкен көлемді дерекқорлар мен ортақ операциялар платформасының қызметін тоқтату;
- Шыңжаң тұрғындарының төлқұжаттарын тез арада қайтарып беріп, төлқұжатты жинап алу саясатын тоқтату;
- Шетелдегі түркі мұсылмандарының қайтып келуге мәжбүрлейтін қысымды доғарып, олар жайлы ақпарат жинауды тоқтату. Құқықтық мәселелерге байланысты шетелде тұрып жатқан адамды экстрадициялау қажеті туындамаған жағдайдан басқа кезде, оларды мәжбүрлі түрде елге қайтару мақсатында бұл адамдар тұрып жатқан шетелдік мемлекеттерге қысым көрсетуді тоқтату;
- Аталған науқанды іске асыру барысында жазықсыз қамауға алынған және азаптауды бастан өткізген адамдарға тез арада қажетті өтемақымен қоса, медициналық және психологиялық көмек көрсету;

- Біріккен Ұлттар Ұйымының бірқатар арнайы рәсімдердің өтініші бойынша Шыңжаңға барып-келуге мүмкіндік беру.

### Ұлттық конгрестің тұрақты комитетіне

- Терроризмге қарсы заңды халықаралық адам құқықтары заң құжаттарына сәйкес келтіріп, оларды түбегейлі өзгерту. Терроризм мен экстремизмге берілген нақты емес, екіұшты анықтамамен қатар, террористік және экстремистік құқықбұзушылықпен тікелей байланысы жоқ әрекеттер үшін қылмыстық жауапкершілікке тартатын баптарды алып тастау;
- Халықаралық құқық қорғау стандарттарына сәйкес келтіру мақсатымен биометрикалық мәлімет жинауға қатысты заңнаманы қайта қарау:
  - Бұл стандарттар бұдан басқа шараларды қолдану мүмкін болмаған жағдайда, олардың мұндай деректерді жинауға, қолдануға, таратуға және сақтауға мүмкіндік беретін құқықтық базаға негізделуі, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін заңмен шектелуі және жеке өмірге қол сұқпау сияқты басқа да құқықтарды бұзбауы қажет.
  - Бұл стандарттарды орындау мақсатында, биометрикалық мәліметтерге қатысты қандай да болмасын бағдарламаны іске асыру үшін мәліметтерді жинап, пайдалануға тәуелсіз тараптардың рұқсаты болуы, ол жайлы халықтың білуі, тәуелсіз бақылау тәсілдерінің іске асуы және құқықбұзушылық орын алған жағдайда жеке тұлғалар шағымданып, құқықтық қорғауға қол жеткізе алуы тиіс.
  - Сонымен қатар, билік биометрикалық мәліметтерді жинау жайлы және осы деректерге сүйене отырып, адамдарды биометрияға сүйеніп танып-білу технологияларының қолданылуы жайлы ақпаратпен қатар, олардың қолданып отырған мәліметтер базасы мен іске асырып жатқан іздеу іс-шаралары жайлы ақпаратты жария етуі қажет.

### Шыңжаң Ұйғыр Автономиялық Ауданының Халықтар Конгресіне

- Терроризмге қарсы заңды іске асыру үшін Шыңжаңда жүргізіліп жатқан іс-шаралар мен Экстремизмге қарсы Шыңжаң ережелері күшін жойғызу;



- Адамдардың наным-сенімдерін бейбіт мақсатта пайдалануына шектеу қоятын Дін істері жөніндегі Шыңжаң ережелері мен басқа да ережелердің, заңдардың және нұсқаулықтардың күшін жойғызу.

## Қазақстан үкіметіне

- Қытай үкіметінен Түркі мұсылмандарына, соның ішінде қазақтарға қарсы жүргізіліп жатқан азаптау науқанын тоқтатып, Шыңжаңдағы саяси үйрету лагерінде қамауда отырған адамдардың барлығын босатуды талап ету;
- Босқындар мен саяси пана іздеушілерді Қытайға мәжбүрлі түрде қайтармау. Қытайға қайта оралған жағдайда қуғын-сүргінге ұшыраймыз деген қорқынышы бар ұлты қазақ тұлғалар мен басқа да Шыңжаңнан келіп пана сұраушыларға пана беру процесін жеделдету;
- Үкіметтің тездетілген азаматтыққа қабылдау бағдарламасына сәйкес, Қытайдан келген қазақтарға азаматтық беру;
- Ата-аналары немесе қамқоршылары Қытайдағы озбырлық лаңкестікке қарсы күрес науқаны кезінде қамауға алынған адамдардың Қазақстанда жүрген, бірақ Қытайға қайтқан күнде қуғын-сүргінге ұшырау қатері бар қазақ балаларына пана беру ісін жеделдетіп іске асыру, үкіметтің азаматтыққа тездетілген түрде қабылдау бағдарламасына сәйкес, оларға азаматтыққа құжат тапсыруына мүмкіндік беру. Сондай-ақ, олардың білім алуына жағдай жасау.

## Түркия үкіметіне

- Түркиядағы ұйғырларды мәжбүрлеп Қытайға қайтарудан қорғау, және Түркияда қысқа мерзімді гуманитарлық ықтияр хаты негізінде тұратын адамдардың ұзақ мерзімді ықтияр хат алуын қамтамасыз ету;
- Ата-аналары еріп келе алмаған ұйғыр балаларына гуманитарлық ықтияр хат негізінде Түркияда тұруына мүмкіндік туғызу. Олардың білім алуына жағдай жасау.

## Басқа да мүдделі елдердің үкіметтеріне

- Жария түрде де, жеке де Қытай үкіметінен Озбырлық лаңкестікке қарсы күрес науқанын тоқтатуын жоғары деңгейде талап ету;
- Адам құқықтары бойынша Кеңесте Қытайдың 2018 жылғы Әмбебап мерзімдік шолуы шеңберінде алаңдаушылық білдіру;
- Партия хатшысы Чэнь Цюаньго мен басқа да Озбырлық лаңкестікке қарсы күрес кампаниясының шеңберінде орын алған зорлық-

зомбылыққа қатысы бар жоғары лауазымды тұлғаларға қарсы АҚШ-тың Жаһандық Магнитский заңы мен басқа виза протоколдары сияқты бағытталған санкцияларды енгізу;

- Негізгі адам құқықтарын бұзу мақсатында қолданылып жатқан технологияларға қол жеткізу мүмкіндігінен Қытайды айыруды көздейтін экспорттық бақылаудың тиісті механизмдерін енгізу.
- Ұлты ұйғыр, қазақ және басқа да түркі мұсылмандарының Қытайда қудалауға ұшырап, азаптаулар мен қатыгездікке тап болмайтынына толығымен, жан-жақты көз жеткізбей, оларды мәжбүрлі түрде Қытайға қайтармау;
- Қытай үкіметінің түркі мұсылмандар диаспорасын қорқытып-үркіту оқиғаларын тексеріп, қажет болған жағдайда ішкі заңнамаларға сүйену;
- Қытайға мәжбүрлеп алып кету қаупі төніп тұрған түркі мұсылмандарының пана беру жөніндегі өтініштерін қарастыруды жеделдету.
- Біріккен Ұлттар Ұйымы арқылы Шыңжаңдағы азаптау оқиғаларын тергеудің арнайы механизмін құруды насихаттау. Бұл механизм құрылғанға дейін, мемлекеттер өз еркімен Шыңжаңдағы себепсіз қамауға алу мен басқа да азаптау оқиғалары жайлы ақпараттар жинастыра беруі қажет.
- Қажет болған жағдайда тез арада халықаралық қауымдастықтың назарын аударып, ашық талқылаулар мен арнайы санкцияны іске асыру мақсатында жанашыр мемлекеттер Шыңжаңдағы адам құқығы саласында орын алып жатқан өзгерістер мен Қытай үкіметінің түркі мұсылмандарды жаппай репрессияға ұшырату ісін жіті қадағалап отырулары қажет.

## Шыңжаңдағы Қытай және халықаралық компанияларына

- Іскерлік операциялардың Озбырлық лаңкестікке қарсы күрес науқанын, атап айтқанда, Шыңжаң Қоғамдық қауіпсіздік бюросы жүргізіп отырған бейне бақылаулар мен биометрикалық жүйелерді қолдамайтынын қадағалау;
- Шыңжаң полициясы мен басқа да қауіпсіздік күштерімен жасасқан іскерлік келісім-шарттар адамдарды азаптауға ат салыспайтын және сондай жағдай болып қалған күнде, мұндай байланысты тез арада үзетініне кепілдік беру;
- Іскерлік операциялар немесе инвестициялардан жапа шеккен жеке адамдар өтемақыға қол жеткізе алулары үшін арыз-шағымдарды қарастырудың тиімді механизмдерін іске асыру;

- Адам құқығын қолдау мақсатында нақты саясат қабылдап, ондай саясаттың адам құқығының бұзылуына алып келмейтінін немесе себепкер болмайтынын қамтамасыз ету. Ұсынылған инвестициялар мен іс-әрекеттердің адам құқығына тигізер әсерін талдап, жағымсыз әсерлерді азайтуға қатысты стратегияларды қабылдау. Мұндай «адам құқығына тигізетін әсерді бағалау» ісін азаматтық қоғам топтарымен бірігіп іске асыру қажет.